



Автор: Куанышбекова Ардак Иргебаевна

Пән: Геометрия

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Фигураның ауданы

Тақырып: Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.1.3.11 параллелограммның, ромбтың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану;
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: параллелограммның және ромбтың ауданының формулаларын біледі және қолданады Басым көпшілігі: параллелограм және ромбың аудандарына арналған кері есептер құрастырады және шығарады Кейбіреулері: параллелограммның және ромбтың ауданы туралы теоремаларды өздері тұжырымдай алады
Тілдік мақсаттар:	Формулаларды дұрыс оқи біледі, формулаларды тұжырымдай біледі Параллелограммның ауданы, ромбтың ауданы Сөз тіркестері: қабырғасы мен сол қабырғасына түсірілген биіктіктің көбейтіндісі Екі көршілес қабырғалары мен олардың арасындағы бұрыштың синусы Диагональдерінің көбейтінділерінің жартысы
Күтілетін нәтиже:	Параллелограмм және ромбтың ауданының формулаларын біледі, қолданады, Формулаларды пайдаланып кері есептер шығарады
Бағалау критерийлері:	Параллелограмм және ромбтың ауданының формулаларын біледі, қолданады Формулаларды пайдаланып кері есептер шығарады
Құндылықтарды дарыту:	<ul style="list-style-type: none">Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы
АКТ-ны қолдану дағдылары:	bilimland.kz ресурсындағы, геометрия-планиметрия- төртбұрыштардың ауданы курсы орындау
Пәнаралық байланыс:	Алгебра, информатика
Бастапқы білім:	Көпбұрыштардың ауданы, тіктөртбұрыштың және шаршының ауданы. Параллелограмм және ромбтың белгілері мен қасиеттері

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (1-3 минут)	Тренинг. «Елімнің мақтанышы болу үшін...» оқушылар шеңбер бойымен тұрып сөйлемді аяқтайды, қолпаштайды. Топқа бөлу: Геометриялық фигуралар арқылы сынып шағын топтарға бөлінеді.	Үлестірме қағаздары

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (4-30 минут)	<p>ОЙЛАН – ЖҰПТАС – БӨЛІС әдісі бойынша жаңа материалды игеру тапсырылады. Оқушыларға оқулық бойынша параллелограммның ауданын табуға арналған формулаларды қорытып шығару тапсырылады.</p> <p>Оқушылар әрқайсысы жеке ойланып, жұптасып ең үздік пікірлері топта талқыланады .</p> <p>Дескрипторлар: $S=a*ha$ немесе $S=b*hb$ формулаларын қорытып шығарады $S=absina$ формулаларын қорытып шығарады</p> <p>Жоба қорғау әдісі.</p> <p>Мәселе -1: Ромбтың ауданын неліктен $S=a^2sina$ формуласымен есептеуге болатынын дәлелдеу.</p> <p>Мәселе -2: Ромбтың ауданы оның диагональдарының көбейтіндісінің жартысыны тең екендігін дәлелдеу.</p> <p>Бас бармақ тәсілі бойынша бағаланады Мен түсінемін Мен түсінгендеймін Мен түсінбедім</p> <p>Кім алғыр? Оқушыларға практикалық бағыттағы тақырыпқа байланысты тапсырмалар беріледі</p> <p>1.Қабырғалары 10 және 16 және олардың арасындағы сүйір бұрышы 60° болатын параллелограммның ауданын есептеңіз.</p> <p>2.Ауданы 36 см² ал сүйір бұрышы 30° болатын ромбтың ауданын есептеңіз .</p> <p>3. Параллелограммның қабырғалары 18 см және 24 см. Параллелограммның ұзын қабырғасына жүргізілген биіктігі 10 см. Кіші қабырғасына жүргізілген биіктігін тап.</p> <p>Дескрипторлар: Есепті шешу алгоритмін дұрыс құрады Сызбаның дұрыс құра алады Формуланы дұрыс пайдалана алады Есеп шешімін таба алады</p> <p>Компьютерде жеке жұмыс: bilimland.kz ресурсындағы, геометрия-планиметрия- төртбұрыштардың ауданы курсы орындау 7, 8 жаттығулар</p>	<p>Оқулық, флипчарт формулалар https://bilimland.kz/kk/courses/math-kz/geometriya/planimetriya/tortbaryshtar/lesson/tik-tortbaryshtyng-parallelogramnyng-zhane-trapezianyng-audany</p>
Сабақтың соңы (31-35 минут)	<p>Бағалау. «Допты лақтыру» тәсілі арқылы оқушылардың жеке пікірлері тыңдалады. Оқушыларда өздерін қалай бағалайтындары туралы қысқаша мәлімет береді</p> <p>Үйге тапсырма. Зерттеу жұмысы. Периметрлері бірдей фигуралардың аудандары бірдей бола ма?</p>	
Рефлексия (36-40 минут)	<p>Рефлексия. «Өз ойым» Оқушыларға сөйлемдегі көп-нүктенің орнына тиісті сөз тіркестерін қою ұсынылады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Осы сабақтан ... есімде қалды 2. Сабақтың ...бөлімі мен үшін маңызды болды 3. Келесі сабақтың өткенін қалаймын 	кеспе қағаздары